



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 5 мамыр

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А. Жұмағалиевтің басшылығымен е-коммерция және блокчейн мәселелері бойынша көшпелі кеңес өтті

2018 жылғы 5 мамырда Алматы қ. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А. Жұмағалиевтің басшылығымен е-коммерция және блокчейн мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, мемлекеттік органдар, екінші деңгейдегі банктер, ұялы байланыс операторлары өкілдерінің және IT қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен кеңес өтті.

«Бүгін блокчейн технологиясы және жасанды зерде негізінде әзірленген шешімдер мен жобалар ұсынылды. Бұл әмбебап, қолайлы тетіктер, оларды бүкіл Қазақстандықтар пайдалана алады. Осындай жобаларды іске асыру бизнесті, онлайн-сауданы ынталандырады. Қазақстандықтарға көрсетілетін қызметтердің мол ауқымы қолжетімді болады. Сондықтан Үкімет осындай бастамаларды қолдайды», – деп атап өтті ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А. Жұмағалиев.

Отырыста Ұлттық Банк «Invest Online» инновациялық жүйесін ұсынды, ол 2018 жылғы 27 наурызда іске қосылды. Жүйені таныстыру кезінде Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Ж. Құрманов «Invest Online» инвестициялауға арналған жаңа технологиялық өнімді білдіретіндігін, оны құру кезінде «блокчейн» технологиясы қолданылғандығын атап өтті.

«Халық үшін Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары шығарылды және жүйе іске қосылған сәттен бастап 60 млн. теңге сомаға алынды», - деді Ж.Б. Құрманов. Бұл өнімді Қазақстан Республикасының кез келген азаматы пайдалана отырып, үйден шықпай-ақ қашықтан алу тәсілімен бағалы қағаздарды сатып ала алатындығы айрықша атап өтілді.

Сондай-ақ кеңестемемлекеттік органдар денсаулық сақтау саласында ҚҚС басқару кезінде электрондық астық қолхаттары жүйесінде «блокчейн» технологиясын қолдану бойынша жобалық шешімдерді ұсынды.

Оған қоса, Ұлттық Банк мобильдік төлемдер жүйесін құру, жеке тұлғаны қашықтықтан сәйкестендіру тетігі бойынша жобаларды таныстырды. Төлем жүйелері департаментінің директоры Е. Ашықбеков Қазақстанда мұндай жүйені құру түрлі банктердің клиенттері арасында төлемдер мен ақша аударымдарын қашықтықтан банктік қызмет көрсетудің түрлі арналарын пайдалана отырып жеңілдетілген сәйкестендіруші - мобильді телефон нөмірі бойынша бірден жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін атап өтті.

Ұлттық Банк қаржы секторында жеке тұлғаны қашықтықтан сәйкестендіру тетігін енгізу мәселесін банктермен, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықтауда. Қашықтықтан сәйкестендіруді іске асыру қаржы нарығын бұдан былай цифрландыруға серпін беретін болады деп күтіледі.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 705 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz